

Хаттама №3

1.02.2022жыл

№1 колледж ұжымының кезекті педагогикалық жиналысы

Төрағасы: Б. Ж. Қордашбеков

Хатшысы: С.Н. Жұмашова

Жалпы саны: 72

Қатысқандар: 65

Себепті: 3 (Т. Айтмырзақыз, Жақсыбаева Ш, Фахридинов З)

Себепсіз: 4 (Мадина Нұралықызы, Сұлтанбеков М, Рулелов Н, Гайыпбаева Д)

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Студенттерді оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі колледждің инженер-педагог ұжымының І-ші ж.ж. жұмысының қорытындысы және ІІ-ші ж.ж алдағы тұрған міндеттері жайлы. (Танатаров Б.)

2. Жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігі жұмысының барысы, білім сапасының деңгейі, пәндердің оқытылу сапасы және ішкі бақылау қорытындылары жайлы (Сайдалиева Э.)

3. Бітіруші курстың №19, №82, №83, №84 топтардағы оқу мен тәлім-тәрбие жұмыстарының орындалуы, практикадан өткізуді ұйымдастыру жайлы және ішкі бақылау қорытындылары. (Сағындыков А.)

4. «WorldSkills Kazakhstan-2021» чемпионаты байқауына қатысатын мамандықтар бойынша дайындық жұмыстарының барысы жайлы. (Ерік Н.)

5. Жастар ұйымының және парасаттылық мектебінің жұмысы жайлы (Нұрмаханова У)

Күн тәртібінде:

1. Студенттерді оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі колледждің инженер-педагог ұжымының І-ші ж.ж. жұмысының қорытындысы және ІІ-ші ж.ж алдағы тұрған міндеттері жайлы. (Танатаров Б.)

Тыңдалды:

2021-2022 оқу жылының І-қыркүйегін колледж бойынша 12 топта барлығы 300 студентпен бастап, білім мен тәрбие процесін қатар жүргізе отырып, қазіргі уақытта І жарты жылдықты қорытындылап отырмыз. Қазір осы жарты жылдық қорытынды тұсында барлық топтардың оқу бағдарламасы бойынша көрсеткіші төмендегіше болып отыр:

Р/с	Топ №	Студенттер саны	Орташа көрсеткіш	Білім сапасы	Үздік	Екпінді	Стипендиаттар
1	№19 топ	25	3,9	72	2	16	18
2	№82 топ	25	4,1	73	1	18	19
3	№83 топ	25	4	87		21	21
4	№84 топ	25	3,8	48		12	24
5	№20 топ	25	3,8	72	1	17	18
6	№85 топ	25	3,4	88	1	21	22
7	№86 топ	25	4	64		16	16
8	№87 топ	25	4	64		16	16

9	№21 топ	25	3,4	60		15	15
10	№88 топ	25	3,9	68	1	16	17
11	№89 топ	25	4	96		24	24
12	№90 топ	25	4,2	79		19	19
Барлығы		300	4,1	72	6	211	229

Барлығы **217+12** студент үздік және екпінділер санатына қосылып отыр. Сонда – **82** студентіміз қанағаттанарлық баға алған.

Колледж студенттері РБ және ЖБ бойынша оқиды. РБ бойынша оқитын №84 «Токарь» студенттері баға қорытындысына қарамастан түгел стипендияға ілігеді. Сондықтан стипендиаттар саны автоматты түрде өседі, яғни колледж бойынша стипендиаттар саны **229**.

Айырмашылық **12** студент.

Биылғы жарты жылдық қорытынды бойынша мына төмендегі студенттеріміз үздік бағамен қорытындылап отыр. Атап айтқанда:

№19 «Тігінші» : Колхоз Айгүл Әскербекқызы ж/е Зафар Зейнеп Алимжанқызы

№82 «Газбенэлектрмен дәнекерлеуші»: Меркул Бедияр Рустемұлы.

№20 «Тігінші»: Туркали Шамшат Орынқалиқызы.

№85 «Газбенэлектрмен дәнекерлеуші»: Парманкүл Юсуф Шавкатұлы.

№88 «Газбенэлектрмен дәнекерлеуші»: Өтеген Жалғас Жұмағалиұлы.

Жарты жылдық оқу барысы кезінде колледжден 3 студент әскер қатарына алынды. №82 топтан Мелден білім Сәкенұлы «01» қараша 2021 жылы №13-к, №83 топтан Атабаев Акрам Хасанұлы және Балтабай Айтбай Нурпулатұлы «02» желтоқсан 2021 жылы №16-к бұйрықтары бойынша. Сондай ақ басқа қалаға отбасының қоныс аударуы бойынша №90 топ студенті Қайырбек Өмірзақ «03» қараша 2021 жылы 15-к бұйрығы бойынша колледж тізімінен шығарылды. Әскер қатарынан 3 бала студенттер қатарына қосылды. №82 топқа Басар Роман, Өтжан Арман, №83 топқа Әлдібай Нұрқабыл «02» қараша 2021 жылы №14-к бұйрығы бойынша қабылданды. Сонда желтоқсан айының соңында колледж студенттерінің саны **299** болды. Қаңтар тайында 5 студентіміз әскер қатарына шақырылды. Олар №84 топ студенті Әбеев Мұхамбетжан, №83 топ студенті Шәкір Шахрух, №82 топтан Адилхан Адилхан, Қыздарбек Мақсат, Ташкенбай Бағлан (бұйрық №01-К, 06 қаңтар 2022 жыл). Әскер қатарынан келіп №83 топқа Ергешбай Қалижан, Сағынтай Ақжол, №82 топқа Қуандық Арман, Ташкенбай Танат, Парманкүл Бекжан, Ерінбет Мейрамбек қосылды. Сонда қазіргі таңда колледж студенттерінің саны **300**.

Р/с	Топ №	Студенттер саны	Кеткені	Келгені	Қазіргі саны
1	№19 топ	25			25
2	№82 топ	25	4	6	27
3	№83 топ	25	3	3	25
4	№84 топ	25	1		24
5	№20 топ	25			25

6	№85 топ	25			25
7	№86 топ	25			25
8	№87 топ	25			25
9	№21 топ	25			25
10	№88 топ	25			25
11	№89 топ	25			25
12	№90 топ	25	1		24
Барлығы		300	9	9	300

P/c	Топ №	Студенттер саны
1	№19 топ	25
2	№82 топ	27
3	№83 топ	25
4	№84 топ	24
5	№20 топ	25
6	№85 топ	25
7	№86 топ	25
8	№87 топ	25
9	№21 топ	25
10	№88 топ	25
11	№89 топ	25
12	№90 топ	24
Барлығы		300

I жарты жылдық оқу бағдарламасын қорытындылай отырып, мен мына мәселелерді атап өткім келеді. Педұжым арасында жұмыстан сұрану көп. Ал, мектептегідей емес бізде пән бойынша педагогтың саны бір-бірден ғана. Яғни, сіздер сұранасыздар, ал сабақ кестесі бойынша сізді ауыстыратын адам жоқтың қасы. Сондықтан құрметті ұжым мүшелері, сіздерге айтарым, қосымша тірліктеріңізді сабақтан тыс уақытқа жоспарласаңыздар дұрыс болар еді.

Алдағы II жарты жылдық оқу бағдарламасы бойынша көптеген ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Осыған байланысты, барлық ұжым мүшелерін табандылықпен және өз міндеттеріңізді дұрыс атқаруларыңызды өтініп сұранамын.

Қабылданған қаулы:

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Таңатаровтың студенттерді оқыту мен тәрбиелеудегі колледждің инженер-педагог ұжымының 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдық жұмысының қорытындысы және алда тұрған міндеттері жайлы есебі еске алынсын.
2. Студенттерді оқыту мен тәрбиелеудегі колледждің инженер-педагог ұжымының салғырттық танытуына жол бермеу атап көрсетілсін.

Күн тәртібінде:

2.Жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігі жұмысының барысы, білім сапасының деңгейі, пәндердің оқытылу сапасы және ішкі бақылау қорытындылары жайлы (Сайдалиева Э.)

Тыңдалды:

Президент Қ.Тоқаев өз үндеуінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Мұғалім – мектептің жүрегі» деген ойын негіз етіп, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде қоғамда мұғалімдердің үлесі зор екенін және еліміздің алдында тұрған басты міндеттің бірі – салауатты, саналы, білімді, ақыл-парасаты мол және ғылыми-мәдени өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу екендігін ерекше атап өтті. Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-әрекеттер жүзеге асырудың маңызы зор; біріншіден оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу, ұстаздар қауымына заман ағымына сай ізденіп өзінің білім беру ісін рухани дамыта отырып инновациялық ізденіспен жұмыс істеп, күнделікті жұмысымызда көне мен жаңаны біріктіре пайдаланып балаға жетік, терең білім беру жауапкершілігін міндеттейді. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде.

Осы орайда биылғы 2021-2022 оқу жылында колледжіміздің «Жаратылыстану» пәндер әдістемелік бірлестігі білім негіздерін терең меңгерген шәкірт дайындау мақсатында жұмыс атқарып келеді. Бірлестіктің алдына қойған мақсаты мен міндеттері нақтыланып, соған сәйкес жоспар жасалынып жоспар бойынша жұмыстар жүргіземіз. Осы алдымызға қойған мақсатқа жету жолында бірлестік мүшелері әр түрлі бағыттарда жұмыс жасауда. Оқушылардың білім сапасын арттыру жолында атқарылған жұмыстарға ОБ 5 тақырыптық отырыс өткізілді. Оларды өткізу әдістемелік жұмыстың жоспарына сәйкес, оның мазмұны нормативтік құжаттарды, білім беру стандартын, олимпиада қатысушылармен жұмыс сияқты сұрақтар енгізілді.

Көрсетілген міндеттер мен мақсаттар барысында біздің бірлестіктікте 4 мұғалім жұмыс атқарып келеді. Олар Жоғары санатты Мұратова Д, педагог-зерттеуші Нұрмаханова Н және Сайдалиева Э, екінші санатты Ғайыпбаев. Бірлестікте біліктілік арттыру, санатын көтеру жоспары бойынша осы жылы Н.Нұрмаханова мен Э.Сайдалиеваға педагог-зерттеуші біліктілік санаты берілді. Сондай-ақ осы оқу жылында бірлестік мұғалімдері түгелдей біліктілік арттыру курстарынан өтті. Бірлестіктің жұмысының жоспарында әр айда болатын отырыстың жоспары жасалған. Отырыс әр айдың бірінші аптасының сәрсенбі күні болады. Отырыс та жоспардағы көрсетілген тақырыптар бойынша талдау жүргізіліп, отырыстың хаттамалары жазылып отырылады. Бірлестік мұғалімдері білім алушылардың білім сапсын арттыру мақсатында өздерінің сабақтарында жаңа технологияның элементтерін пайдаланып өтуде.

Биылғы оқу жылында жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және электрондық оқулықтарды пайдалана отырып терең білім беру мұғалімдеріміздің басты мақсаты болып отыр. Біздің бірлестік мұғалімдері қазіргі уақыттағы бірнеше технологияның ішінен «Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы бойынша «Деңгейлеп саралап оқыту» технологиясын пайдалану тиімді деп ұйғарып, осы технологиямен жұмыс жасап жатыр.

Бұл әдістің мақсаты білім алушының кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап саналы шешім қабылдауға үйрету. Бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар, ол үш деңгейден тұратын оқыту мен үйренудің моделі. Көп ақпаратты қабылдай жинақтай отырып ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Әдістемелік бірлестік мұғалімдердің ашық сабақтарының кестесін жасап, сол бекітілген кестеге сай мұғалімдеріміз ашық сабақтарын дер кезінде өткізіп жатыр. Қазан айында математикадан Нұрмаханова Н, қараша айында информатика Мұратова Д, желтоқсан айында химиядан Сайдалиева Э «II А топ элементтері» тақырыбында ашық сабақтарын өтті. Алдағы сәуір айына Ғайыпбаев ашық сабағын өткізуді жоспарлаған. Бірлестік мұғалімдерінің бір-бірінің сабақтарына еніп тәжірибе алмасып отыру жолға қойылған. Сонымен бірге бірлестік мұғалімдері сабақтарын үнемі интерактивтік тақтада өту мүмкіншілігі жоқ осыған орай біздің мұғалімдеріміз өздерінің жеке ноутбуктерін өздерімен бірге алып жүріп сабаққа кеңінен пайдаланады. Әрине бұл жағдайда біздің мұғалімдеріміз ақпараттық технологияны жоғарғы дәрежеде меңгерген деп айтуға болады.

Жаратылыстану пәндер бойынша олимпиадаға қатысатын студенттер іріктеліп алынды. Олар: математикадан №20 топ студенті Тұрқали Шамшат, Қорғанбек Наргиза, химиядан №21 топ студенті Аяулым, физикадан Сарабек Ақмаржан, информатикадан №85 топ студенті Жүсіпбек Дастан.

Жыл сайын өтетін пән олимпиадаларының тапсырмаларын талдай отырып, нәтижеге жету үшін, дайындық жұмыстарды келесі бағыттар бойынша жүргіземіз:

- логикалық ойлау
- шығармашылық, зияткерлік
- ақпаратпен өздігінен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту
- психологиялық жағдай тугызу.

Анықталған бағыттарға сай дайындық барысында жұмыстардың келесі түрлері орындалды: тест, пән олимпиада тапсырмалары, дәстүрлі емес есептер, жеке әңгімелесу, төл сұрақтар. Қашықтық олимпиадаларына қатысу барысында оқушылар ақпаратпен жұмыс жасап, өздерінің теориялық және практикалық білімдерімен біліктерін толықтырады.

Шәкірттерге сапалы білім беруде пән дәрісханаларының жабдықталуы, тазалығыда ерекше әсер етеді. Біздің бірлестікте үш мұғалім дәрісхана меңгерушісі. Дәрісханалардың жабдықтары талапқа сай жаңа үлгіде жасалған. Сабақтарында пайдаланатын стендтер, плакаттары мен көрнекі құралдары жеткілікті. Дәрісханалардың тазалығын меңгерушілері үнемі қадағалап, көңіл аударып отырады. Үш дәрісхананың да құжаттары бар.

Бірлестік мұғалімдерінің білім алушылардың білім сапасын арттырудағы істейтін жұмысы сабақтан тыс атқарылатын жұмыстар. Бұл мақсатта да бірлестік мұғалімдерінің жасалған жоспарлары бар. Жоспарға сәйкес желтоқсан айының 20-25 аралығында «Жаратылыстану ғажайыптары» атты апталық ұйымдастырылды, апталық мақсаты Жаратылыстану пәндеріне қызығушылықтарын арттыру, теориялық білімдерін практикада қолдануға дағды қалыптастыру. Оқушылардың бойында салауатты өмір сүру жайлы түсініктерін және функционалды сауаттылығын дамыту.

Апталықтың жоспары бойынша бірінші күні апталықтың ашылуында «Алғыр алтау» интеллектуалды ойыны өткізіліп, әр топ студенттері өздерінің белсенділіктерін көрсете білді. Математикадан Нұрмаханова Н «Атажұрт» интеллектуалдық сайысын, физикадан Ғайыпбаев М «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» сайыс сабағын, химиядан Сайдалиева Э «II А топ элементтері. Магний» тақырыбында ашық сабақ және информатикадан Мұратова Д «Алтын қақпа» ойынын өткізді. Апталық жабылуында қорытынды кеш өткізіліп, белсенді студенттер марапатталды. Әр пән мұғалімі өз жұмысын сауатты, білікті құрып, оны іске асыра білді.

Мұғалімнің негізгі мақсаты білім алушылардың білім сапасын арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ұжымдық пен жұмыс атқаруға бейімдеу. Бірлестік мұғалімдері де, өздерінің пәндері бойынша жарты жылдық қорытынды жасап студенттердің орташа көрсеткіш, білім сапасын есептеп шығарып көрсеткіштерін диаграмма арқылы бейнелеп қойды. Атап айтар болсақ математика пәні бойынша орташа үлгерім 4,2 білім сапасы 89%; Физика пәні бойынша орташа үлгерім 3,9 білім сапасы 84%. Химия пәні бойынша орташа үлгерім 4,0 білім сапасы 88%. Информатика пәні бойынша орташа үлгерім 4,0 білім сапасы 84%. Жалпы бірінші жарты жылдық қорытынды бойынша жаратылыстану пәндердің орташа көрсеткіші 3,9 білім сапасы 84% құрады. Жоғарыда айтылған барлық жұмыстардың бір ғана мақсаты, білім алушылардың білім сапасын көтеру. Біздің бірлестік жұмыстарында кемшілік жоқ деп айталмаймын. Жұмыс бар жерде әрине кемшіліктер болады. Қазіргі таңда мұғалімдерге қойылып отырған басты талаптардың бірі шығармашылық жұмыс. Осы орайда біздің бірлестіктіктегі мұғалімдердің шығармашылық жұмыстары жоқ емес. Атап айтсам Сайдалиева Э «Адам ағзасына химиялық элементтердің әсері», Нұрмаханова Н «Математика және табиғат», Ғайыпбаев